

"Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 тамыздағы N 910 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
П р е м ь е р - М и н и с т р і*

Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының Халықаралық шарттары туралы

I Тарау

Жалпы ережелер

Осы Заң Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу, орындау және олардың қолданысын тоқтату тәртібін анықтайды.

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары Қазақстан Республикасының Конституциясына, халықаралық құқықтың жалпы көпшілік мойындаған қағидалары мен нормаларына, халықаралық шарттың өзінің ережелеріне, Халықаралық шарттар құқығы туралы Вена конвенциясына, осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілеріне сәйкес жасалады, орындалады, өзгертіледі және тоқтатылады.

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) халықаралық шарттың түпнұсқа мәтіні - келіссөздерге қатысушы тараптар немесе уағдаласушы тараптар түпнұсқа (түпкілікті) құжат ретінде қарайтын х а л ы қ а р а л ы қ ш а р т м ә т і н і ;

2) мемлекетішілік рәсімдер - халықаралық шартты Қазақстан Республикасы Парламентінің ратификациялауы немесе Қазақстан Республикасы Президентінің немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуі;

3) денонсация - өзі жасасқан халықаралық шарттан Қазақстан Республикасының қажетті түрде ресімделген бас тартуы және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттың қолданысын тоқтату тәсілінің бірі;

4) депозитарий - халықаралық шарттың түпнұсқасы сақтауға тапсырылатын және осы халықаралық шартқа қатысты халықаралық құқық нормаларында көзделген функцияларды орындайтын мемлекет, халықаралық ұйым немесе оның басты атқарушы лауазымды тұлғасы;

5) уағдаласушы тарап - халықаралық шарттың күшіне енгеніне немесе еңбегеніне қарамастан халықаралық шарттың өздері үшін міндеттілігіне келіскен мемлекет немесе халықаралық ұйым;

6) халықаралық шарт жасасу - өзі үшін халықаралық шарттың міндеттілігіне Қазақстан Республикасының келісім білдіруі;

7) халықаралық ұйым - мемлекетаралық, үкіметаралық ұйым;

8) Қазақстан Республикасының халықаралық шарты - Қазақстан Республикасының шетелдік мемлекетпен (шетелдік мемлекеттермен) немесе халықаралық ұйыммен (халықаралық ұйымдармен) жазбаша нысанда жасасқан және мұндай келісімнің бір құжатта немесе өзара байланысты бірнеше құжаттарда мазмұндалатынына қарамастан, сондай-ақ оның нақты атауына қарамастан халықаралық құқық реттейтін халықаралық келісімі;

9) ескертпе - көпжақты халықаралық шартқа қол қою, ратификациялау, бекіту, қабылдау немесе оған қосылу кезінде мемлекет немесе халықаралық ұйым кез келген тұжырымдамада және кез келген атаумен бір жақты жасаған мәлімдемені білдіреді, осындай мәлімдеме арқылы осы мемлекет немесе осы халықаралық ұйым осы мемлекетке немесе осы халықаралық ұйымға қолданылуына қатысты халықаралық шарттың белгілі бір ережелерінің құқықтық күшін жоққа шығаруды немесе өзгертуді қалайды;

10) алдын ала қол қою - келіссөздерге қатысушы әрбір тараптың өкілетті өкілдерінің халықаралық шарт мәтінімен келісу белгісі ретінде өз инициалдарымен келісілген халықаралық шарттың жобасына немесе оның жекелеген баптарының нормаларына алдын ала қол қоюы немесе халықаралық шарт мәтінінің теңтүпнұсқалығын анықтау тәсілдерінің бірі;

11) қол қою - халықаралық шартты жасасу кезеңдерінің бірі немесе егер халықаралық шартта Қазақстан Республикасы мен келіссөздерге қатысушы басқа да тараптардың қол қоюдың осындай күшке ие болуға тиістілігі туралы қол қоюға осындай күш беруді көздеген немесе уағдаластығы өзге де жолмен белгіленген, немесе Қазақстан Республикасының қол қоюға осындай күш беру ниеті оның өкілінің өкілеттігінен туындаған және/немесе келіссөздер кезінде білдірілген жағдайда халықаралық шарттың өзі үшін міндеттілігіне Қазақстан Республикасының келісім білдіру тәсілі;

12) өкілеттілік -

халықаралық шарттың мәтінін қабылдау немесе оның түпнұсқамен толық сәйкестігін анықтау,

х а л ы қ а р а л ы қ ш а р т қ а қ о л қ о ю ,
өзі үшін халықаралық шарттың міндеттілігіне Қазақстан Республикасының келісім
б і л д і р у і ,

шартқа қатысты өзге де акті жасау мақсатында Қазақстан Республикасының лауазымды тұлғаларының немесе құзыретті органының шешімі негізінде берілген және келіссөздерге қатысушы тарапқа не депозитарийге тапсырылатын, өкілеттілік сертификаты тиісті нысанда ресімделген бір адамның немесе бірнеше адамның Қазақстан Республикасы атынан шығу құқығы;

13) ратификация, бекіту, қабылдау және қосылу - жағдайға байланысты осындай атауы бар, тиісті нормативтік-құқықтық акті негізінде жасалған, халықаралық акт, ол арқылы Қазақстан Республикасы халықаралық шарттың өзі үшін міндеттілігіне халықаралық тұрғыдағы өзінің келісімін білдіреді;

14) келіссөздерге қатысушы тарап - халықаралық шарт мәтінін жасауға немесе қабылдауға қатысқан мемлекет немесе халықаралық ұйым.

2-бап. Халықаралық шарттардың түрлері

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары тек қана:

1) Қазақстан Республикасының;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің;

3) Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынышты және есеп беретін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының (бұдан әр бірлескен түрде аталымы - Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдары) атынан шетелдік мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен жасалады.

II Тарау

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу

3-бап. Халықаралық шарттардың жобаларын және Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниет білдірген халықаралық шарттарды сараптау

1. Қазақстан Республикасының мүдделі орталық мемлекеттік органдары немесе басқа уағдаласушы тараптар бастамашысы болған халықаралық шарттардың жобалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниет білдірген халықаралық шарттар Қазақстан Республикасының мүдделі орталық мемлекеттік органдарымен келіспестен бұрын оларды жасасудың сыртқы саяси тұрғыда орынды екендігін анықтау мақсатында Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінде қаралуға тиіс.

2. Халықаралық шарттардың жобалары және Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниет білдірген халықаралық шарттар өздерінің құзыретіне қатысты мәселелер

бойынша Қазақстан Республикасының мүдделі орталық мемлекеттік органдарымен келісілгеннен кейін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде міндетті түрде құқықтық тұрғыдан сарапталуы тиіс.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі заңи сараптама жүргізеді:

1) халықаралық шарттар жобалары ережелерінің және Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниет білдірген халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкестігі туралы қорытынды береді;

2) өзі үшін халықаралық шарттардың міндеттілігіне Қазақстан Республикасының келісім білдіру тәсілдерін анықтайды.

3. Әділет министрлігінің сараптамасынан өткен Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының жобалары және Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниет білдірген халықаралық шарттар Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінде келісілуі тиіс.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі:

1) халықаралық шарттарды жасасудың сыртқы саяси тұрғыда орынды екендігі туралы қорытынды береді;

2) халықаралық шарттар жобалары ережелерінің және Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниет білдірген халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының халықаралық шарттық және басқа да міндеттемелеріне сәйкестігі туралы, сондай-ақ оның күшіне енуі мен орындалуына байланысты өзге де мәселелер бойынша қорытынды береді;

3) Қазақстан Республикасы жасасатын халықаралық шарттардың түрлерін белгілейді.

4-бап. Халықаралық шарттар жобаларының және Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниет білдірген халықаралық шарттардың ғылыми сараптамасы

1. Халықаралық шарттардың жобалары мен Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниет білдірген халықаралық шарттар бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе орталық мемлекеттік органдарының бастамасы бойынша тиісті ғылыми сараптама жүргізілуі мүмкін. Міндетті ғылыми сараптама Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда жүргізіледі.

2. С а р а п т а м а :

1) жобаның сапасын, негізділігін, уақытылы жасалуын, құқыққа сәйкестілігін бағалау, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген адам мен азамат құқықтарының жобада сақталуын;

2) халықаралық шарт жобасының және Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниет білдірген халықаралық шарттың ықтимал тиімділігін анықтау;

3) халықаралық шартты жасасудың ықтимал теріс салдарларын анықтау үшін жүргізіледі.

5-бап. Халықаралық шарттардың және Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниет білдірген халықаралық шарттардың жобаларына ғылыми сараптаманы жүзеге асыратын адамдар мен ұйымдар

1. Халықаралық шарттардың жобаларына және Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниет білдірген халықаралық шарттарға ғылыми сараптаманы тиісті бейіндегі ғылыми ұйымдар және жоғары оқу орындары, қаралатын халықаралық шарт жобасының және Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниет білдірген халықаралық шарттың мазмұнына байланысты ғалымдар мен мамандардың қатарынан тартылатын сарапшылар жүргізеді.

Сараптаманы жүргізу бір немесе бірнеше сарапшыларға (сараптамалық комиссияға) тапсырылуы мүмкін.

2. Халықаралық шарттың жобасы немесе Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниет білдірген халықаралық шарт бойынша түрлі мамандықтағы сарапшылардың кешенді сараптамасы немесе әрқилы түрдегі дербес сараптамалар, ал қажет болған жағдайда қайталама сараптама жүргізілуі мүмкін.

3. Сарапшылар ретінде жобаны дайындауға тікелей қатыспаған немесе Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниет білдірген халықаралық шартты жасасуға бастамашы болмаған ұйымдар мен адамдар тартылады.

4. Сарапшылар ретінде басқа мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың мамандары тартылуы мүмкін.

Халықаралық шарттың жобасы ғылыми сараптама үшін шетелдік және халықаралық ұйымдарға жіберілуі мүмкін.

6-бап. Халықаралық шарттарға қол қою, қабылдау, бекіту, ратификациялау және оларға қосылу туралы ұсыныстар

1. Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынышты және есеп беретін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары өздерінің құзыретіндегі мәселелер жөнінде:

1) Қазақстан Республикасы атынан халықаралық шарттарға қол қою, қабылдау, бекіту, ратификациялау және оларға қосылу туралы ұсыныстарды - Қазақстан Республикасының Президентіне;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан халықаралық шарттарға қол қою, қабылдау, бекіту, ратификациялау және оларға қосылу туралы ұсыныстарды - Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынады.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқару органдары өздерінің құзыретіндегі мәселелер жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне халықаралық шарттарға қол қою, қабылдау, бекіту, ратификациялау және оларға қосылу туралы ұсыныстар ұсынады.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы баптың 2-тармағында көрсетілген ұсыныстарды қарайды және Қазақстан Республикасының атынан халықаралық шарттарға қол қою, қабылдау, бекіту, ратификациялау және оларға қосылу туралы ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Президентіне қаулылар түрінде енгізеді.

4. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына қол қою, қабылдау, бекіту, ратификациялау және оларға қосылу туралы ұсыныстар Қазақстан Республикасының Президентіне немесе Қазақстан Республикасының Үкіметіне оларды ұсынғанға дейін өздерінің құзыреттеріне байланысты мүдделі Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдарымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен келісіледі.

5. Халықаралық шарттарға қол қою, қабылдау, бекіту, ратификациялау және оларға қосылу туралы ұсыныстар осы Заңның 9-бабындағы тәртіппен іске асады.

6. Халықаралық шарттарға қол қою, қабылдау, бекіту, ратификациялау және оларға қосылу туралы ұсыныстарда:

1) жағдайға байланысты Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы Парламентінің тиісті актілерінің жобалары;

2) халықаралық шарт жобасының Қазақстан Республикасының заңдары мен халықаралық шарттарына сәйкестігін анықтауды қоса алғанда, оларға қол қоюдың, қабылдаудың, бекітудің, ратификациялаудың және оларға қосылудың орынды екендігінің негіздемесі;

3) халықаралық шартты жасасудан туындауы мүмкін саяси, құқықтық, қаржы-экономикалық және өзге де салдарларды бағалау;

4) халықаралық шарттарды орындауға уәкілетті тиісті органдарды көрсету;

5) қажеттілік болған жағдайда, халықаралық шарттар жасасу жоспарланған субъектілердің халықаралық құқықтық субъектілігі туралы ақпарат;

6) халықаралық шартты жасасу тәсіліне байланысты мемлекеттік және орыс тілдеріндегі халықаралық шарттың жобасы немесе мемлекеттік және орыс тілдеріндегі аудармасымен бірге көп жақты халықаралық шарттың ресми куәландырылған көшірмесі қоса тіркеліп;

7) көп жақты халықаралық шарттарға қатысушы мемлекеттердің тізбесі;

8) басқа мемлекеттердің көп жақты халықаралық шарттарға жасаған ескертпелерінің мәтіндері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ықтимал ескертпелерінің жобалары мен негіздемелері болуы тиіс.

7-бап. Халықаралық шарттарды жасасу мәселелері бойынша шетелдік мемлекеттермен немесе халықаралық ұйымдармен қарым-қатынас

Халықаралық шарттарды жасасу мәселелері бойынша шетелдік мемлекеттермен немесе халықаралық ұйымдармен қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі арқылы жүзеге асырылады.

8-бап. Халықаралық шарттардың тілі

1. Екі жақты халықаралық шарттар, әдетте, келіссөздерге қатысушы тараптардың мемлекеттік тілдерінде жасалады. Тараптардың келісімі бойынша халықаралық шарттардың тілі ретінде өзге тілдер таңдап алынуы мүмкін.

2. Көп жақты халықаралық шарттар келіссөздерге қатысушы тараптардың келісімі бойынша белгіленетін тілдерде жасалады.

9-бап. Алдын ала қол қою, мәтінді қабылдау және халықаралық шарттарға қол қою туралы және осы актілерді жасасуға өкілеттік беру туралы шешім

1. Алдын ала қол қою, мәтінді қабылдау және халықаралық шарттарға қол қою туралы және осы актілерді жасасуға өкілеттік беру туралы шешімдерді:

1) Қазақстан Республикасының атынан жасалатын халықаралық шарттарға қатысты

- Қазақстан Республикасының Президенті;

Халықаралық шартқа қол қою туралы тиісті акті, егер мұндай халықаралық шартқа Қазақстан Республикасының Президенті қол қойған немесе осындай халықаралық шартқа қол қою құқығын Қазақстан Республикасының Президенті шартқа тікелей қол қояр алдында, оның ішінде ауызша нысанда, басқа лауазымды адамға табыстаған жағдайда қабылданбайды.

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан жасалатын халықаралық шарттарға қатысты Қазақстан Республикасының Үкіметі, оның ішінде Үкіметтің атынан осы актілерді жасау өкілеттігін беру туралы шешімдерді Қазақстан Республикасы Президентіне тікелей бағынышты және есеп беретін мемлекеттік органдардың басшылары немесе олардың орынбасарлары;

3) Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдары атынан жасалатын халықаралық шарттарға қатысты - Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдарының бірінші басшылары немесе оларды алмастыратын адамдар тиісті акті түрінде қабылдайды.

2. Қазақстан Республикасына қайтарымсыз қаржылық және техникалық көмек көрсетуді көздейтін халықаралық шарттарға қол қою туралы шешім Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен қабылданады.

10-бап. Халықаралық шарттарды жасасуға қатысты актілерді жасау өкілеттігі

1. Осы Заңның 9-бабына сәйкес қабылданған шешімдердің негізінде халықаралық шарттарды жасасуға қатысты актілерді жасау өкілеттігін өкілеттік сертификатын ресімдеу арқылы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі куәландырады.

2. Егер осы Заңның 9-бабының 1-тармағының 1-тармақшасына сәйкес халықаралық шартқа қол қою құқығын Қазақстан Республикасының Президенті оған тікелей қол қояр алдында басқа лауазымды тұлғаға табыстаса, мұндай лауазымды тұлғаның өкілеттігін осы Заңның 9-бабында аталған шешімді қабылдамастан, өкілеттік сертификатын ресімдеу арқылы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі куәландырады.

11-бап. Өкілеттісіз халықаралық шарттарды жасасуға қатысты актілерді жасау

1. Қазақстан Республикасының Президенті халықаралық шарттарды жасасуға қатысты барлық актілерді өкілеттісіз жасауға құқылы.

2. Осы Заңның 9-бабына сәйкес қабылданған шешімдердің негізінде мыналар өкілеттісіз Қазақстан Республикасының атынан шыға алатын болып саналады:

1) халықаралық шарттарды жасасуға қатысты барлық актілерді жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі;

2) өздері тіркелген мемлекеттері мен Қазақстан Республикасының арасындағы халықаралық шарттардың мәтіндерін қабылдау мақсатында шетелдердегі Қазақстан Республикасы дипломатиялық өкілдіктерінің басшылары;

3) халықаралық конференцияда немесе халықаралық ұйымда немесе оның бір органында халықаралық шарттың мәтінін қабылдау мақсатында осындай конференцияда, осындай ұйымда немесе осындай органда Қазақстан Республикасының атынан шығуға уәкілеттендірілген оның өкілдері.

12-бап. Ратификациялауға жататын халықаралық шарттар

Р а т и ф и к а ц и я л а у ғ а :

1) тақырыбы адам және азамат құқықтары мен бостандықтары болып табылатын;

2) орындалуы қолданыстағы заңдарды өзгертуді немесе жаңа заңдарды қабылдауды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделгеніне қарағанда өзге де ережелерді орнықтыруды талап ететін;

3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасының өтуі туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ерекше экономикалық аймағын және құрлықтық қайраңын межелеп бөлу туралы халықаралық шарттарды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттермен аумақтық межелеп бөлінуін жүргізу туралы;

4) мемлекетаралық қатынастардың негіздері туралы, қарусыздану немесе қару-жараққа халықаралық бақылау жасау, халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі мәселелер бойынша, сондай-ақ бітімгершілік халықаралық

шарттары және ұжымдық қауіпсіздік туралы халықаралық шарттар;

5) Қазақстан Республикасының мемлекетаралық одақтарға халықаралық ұйымдар мен өзге де бірлестіктерге қатысуы туралы, егер мұндай халықаралық шарттар Қазақстан Республикасының егемендік құқықтарының бір бөлігін жүзеге асыруды оларға беруді көздейтін болса немесе олардың органдары шешімдерінің Қазақстан Республикасы үшін заңдық тұрғыдан міндеттілігін белгілейтін;

6) мемлекеттік қарыздар немесе Қазақстан Республикасының гуманитарлық көмекті қоспағанда, экономикалық және өзге де көмек көрсетуі туралы;

7) қол қою кезінде уағдаласушы мемлекеттердің кейіннен оларды ратификациялау туралы келісімге келген;

8) халықаралық шарттарда осындай келісім ратификациялау арқылы білдіріледі деп көзделген.

13-бап. Ратификациялауға дейін халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау

1. Конституциялық Кеңес Қазақстан Республикасы Президентінің, Сенат Төрағасының, Мәжіліс Төрағасының, Парламент депутаттарының жалпы санының кем дегенде бестен бір бөлігінің, Премьер-Министрдің өтініштері бойынша халықаралық шарттарды ратификациялауға дейін олардың Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестілігін қарайды.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген мәселелер бойынша Конституциялық Кеңеске өтініш жасалған жағдайда халықаралық шарттарды ратификациялау мерзімінің кезеңі тоқтатыла тұрады.

3. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес емес деп танылған халықаралық шарттар ратификацияланбайды.

14-бап. Халықаралық шарттарды ратификациялау туралы ұсыныстарды енгізудің тәртібі

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары осы Заңның 6-бабында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне өздерінің құзыретіндегі мәселелер бойынша халықаралық шарттарды бекіту туралы ұсыныстар жасайды.

2. Халықаралық шарттарды бекіту туралы ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына енгізеді.

15-бап. Халықаралық шарттарды ратификациялау туралы заңдар

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын ратификациялау туралы заңдарды Қазақстан Республикасы Конституциясының 62-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдайды.

16-бап. Ратификациялауға жатпайтын халықаралық шарттарды бекіту (қабылдау)

Мемлекетішілік рәсімдерді жүргізуді көздейтін ратификациялауға жатпайтын:

1) Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасының атынан қол қойған;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі қол қойған халықаралық шарттар бекітуге (қабылдауға) жатады.

17-бап. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарға қосылуы туралы ұсыныстар

1. Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынышты және есеп беретін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары осы Заңның 6-бабында көзделген тәртіппен өздерінің құзыретіндегі мәселелер жөнінде:

1) Қазақстан Республикасының атынан халықаралық шартқа қосылу туралы ұсыныстарды - Қазақстан Республикасының Президентіне;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан халықаралық шартқа қосылу туралы ұсыныстарды - Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынады.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары осы Заңның 6-бабында көзделген тәртіппен өздерінің құзыретіндегі мәселелер жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне халықаралық шарттарға қосылу туралы ұсыныс береді.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында және 2-тармағында көрсетілген ұсыныстарды қарайды және:

1) Қазақстан Республикасының атынан жасалған, ратификациялауға жатпайтын - Қазақстан Республикасының Президентіне;

2) Қазақстан Республикасының атынан жасалған, ратификациялауға жататын - Қазақстан Республикасының Президентімен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Парламентіне;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан жасалған, ратификациялауға жататын халықаралық шарттарға қосылу туралы ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізеді.

18-бап. Халықаралық шарттарға қосылу туралы шешім

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарға қосылуы туралы шешімдерді:

1) қосылу Қазақстан Республикасының атынан немесе Қазақстан Республикасының Үкіметінің атынан жүзеге асырылатын, ратификациялауға жататын халықаралық шарттарға қатысты - Қазақстан Республикасының Парламенті осы халықаралық шарттарға қосылу және ратификациялау туралы заң қабылдау арқылы;

2) қосылу Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылатын, ратификациялауға жатпайтын халықаралық шарттарға қатысты - Қазақстан Республикасының Президенті;

3) қосылу Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан жүзеге асырылатын, ратификациялауға жатпайтын халықаралық шарттарға қатысты - Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

19-бап. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарды уақытша қолдануы

1. Егер бұл халықаралық шарттың өзінде көзделген болса немесе келіссөздерде мемлекеттермен немесе халықаралық ұйымдармен уағдаластыққа қол жеткізілсе халықаралық шарттар немесе олардың жекелеген ережелері олардың күшіне енуіне дейін Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығына қайшы келмейтін бөлігінде у а қ ы т ш а қ о л д а н ы л а д ы .

2. Егер халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе немесе бұл туралы халықаралық шарттарға қол қойған мемлекеттермен немесе халықаралық ұйымдармен уағдаластыққа қол жеткізілмесе, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарға қатысушысы болғысы келмейтін ниеті туралы халықаралық шарттарды уақытша қолданатын басқа мемлекеттерге немесе халықаралық ұйымдарға осы баптың 3-тармағында көзделген шешімдердің негізінде жолданатын хабарлама күнінен бастап Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарды немесе олардың жекелеген ережелерін қ о л д а н у ы т о қ т а т ы л а д ы .

3. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттардың немесе олардың жекелеген ережелерінің қатысушысы болғысы келмейтін ниеті туралы шешімдерді осы Заңның 9-бабында белгіленген тәртіппен халықаралық шартқа қол қою туралы шешім шығарған Қазақстан Республикасының Президенті немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

20-бап. Көп жақты халықаралық шарттарға ескертпелер

1. Көп жақты халықаралық шарттарға қол қою, ратификациялау, бекіту, қабылдау немесе оларға қосылу кезінде халықаралық шарттардың талаптарына және халықаралық құқықтың нормаларына сәйкес ескертпелер жасалуы мүмкін.

2. Егер көп жақты халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, ескертпелер қалай жасалған болса, тап сондай тәртіппен олар кез келген уақытта алынып тасталуы мүмкін .

3. Көп жақты халықаралық шартқа қатысушы екінші бір уағдаласушы мемлекет жасаған ескертпелерді қабылдау немесе оған қарсылық білдіру көп жақты халықаралық шарттың талаптарына және халықаралық құқықтың нормаларына сәйкес ескертпелерді реттеу тақырыбы құзыретіне жататын Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органының қорытындысы негізінде жүзеге асырылады. Бұл қорытынды осы Заңның 3-бабында белгіленген тәртіппен келісілуге жатады.

III Тарау

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын орындау

21-бап. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз ету

1. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары Қазақстан Республикасының адал ниетпен орындауына жатады.

2. Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары өздерінің құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бойынша қабылданған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етеді, осындай халықаралық шарттардан туындайтын Қазақстан Республикасына тиесілі құқықтардың жүзеге асуын және халықаралық шарттарға басқа да қатысушылардың өз міндеттемелерін орындауларын б а қ ы л а й д ы .

4. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының орындалуын жалпы қадағалауды және бақылауды Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жүзеге асырады.

22-бап. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын басқа қатысушылар бұзған жағдайда қолданылатын шаралар

1. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары жөніндегі міндеттемелері басқа қатысушылар арқылы бұзылған жағдайда Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің келісімі бойынша халықаралық құқықтың нормалары мен халықаралық шарттардың өздерінің талаптарына сәйкес қажетті шаралар қолдану туралы ұ с ы н ы с т а р д ы :

1) Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынышты және есеп беретін мемлекеттік органдар өздерінің құзыретіндегі мәселелер бойынша - Қазақстан Р е с п у б л и к а с ы н ы ң Президентіне;

2) Қазақстан Республикасының орталық атқару органдары өздерінің құзыреті бойынша - Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді.

2. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын оның басқа қатысушылары бұзған жағдайда, сондай-ақ халықаралық құқықтың нормаларында көзделген өзге де жағдайларда мұндай халықаралық шарттың қолданысы осы Заңның 29 және 30-баптарында белгіленген тәртіппен тоқтатыла тұруы немесе тоқтатылуы мүмкін.

23-бап. Халықаралық шарттарды жасасуға байланысты Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар

1. Қазақстан Республикасының халықаралық шартында көрсетілгеніндей оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын орындау мақсатында нормативтік

құқықтық актілерді қабылдау талап етілетін жағдайларда Қазақстан Республикасының мүдделі орталық мемлекеттік органдары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес қабылданатын тиісті нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеуді және келісуді жүзеге асырады.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес қабылданған Қазақстан Республикасының заңдарына және басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізуге немесе олардың қолданысын тоқтатуға Қазақстан Республикасының тиісті халықаралық шарттары өзгертілгеннен, толықтырылғаннан кейін немесе олардың қолданысы тоқтатылғаннан кейін ғана жол беріледі.

24-бап. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының күшіне енуі және қолданылуы

1. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары шарттарда көзделген немесе халықаралық шарттарға қатысушылардың арасында келісілген тәртіппен және мерзімдерде күшіне енеді.

2. Халықаралық шарттарда көзделгеніне қарағанда өзгеше ережелер белгілейтін нормативтік құқықтық актілер қабылданғанға дейін күшіне енген Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары осы Заңның 31-бабында көзделген тәртіппен қабылданатын шешімдердің негізінде қатысушылар олардың қолданысын өзгерткенге дейін немесе қолданысын тоқтата тұру немесе тоқтатқанға дейін толық көлемде қолданылады.

IV Тарау

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жариялау, тіркеу және сақтау

25-бап. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жариялау

1. Қазақстан Республикасының күшіне енген халықаралық шарттары Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ұсынысы бойынша "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының бюллетені" жинағында жарияланады.

2. Қазақстан Республикасының Парламенті бекіткен, Қазақстан Республикасының күшіне енген халықаралық шарттары Қазақстан Республикасы Парламентінің ресми басылымдарында Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ұсынысы бойынша ғана жариялануға жатады.

3. Қазақстан Республикасының халықаралық шартының Қазақстан Республикасының мемлекеттік және орыс тілдеріне толық сәйкес келетін мәтіні

болмаған жағдайда, оның қол қойылған тілдегі теңтүпнұсқа мәтіндерінің бірі, сондай-ақ халықаралық шарттың Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіліндегі және орыс тіліндегі аудармасы жарияланады.

26-бап. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын тіркеу, есепке алу және сақтау

1. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын тіркеудің, есепке алудың және сақтаудың бірыңғай мемлекеттік жүйесін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жүргізеді.

2. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын халықаралық ұйымдардың тиісті органдарында тіркеуді Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасының атынан және Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан жасалған Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының түпнұсқалары немесе куәландырылған көшірмелері қол қойылған күннен немесе депозитарийден ресми куәландырылған көшірмелері алынған күннен бастап екі апталық мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне сақтауға тапсырылады, ал осы халықаралық шарттардың көшірмелерін оларға қол қойылған немесе депозитарийден алынған күннен бастап екі апталық мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі тұрақты түрде сақтау үшін тиісті орталық мемлекеттік органдарға жолдайды.

4. Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдары атынан жасалған Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының түпнұсқалары Қазақстан Республикасының тиісті орталық мемлекеттік органдарының мұрағаттарында сақталады. Осы халықаралық шарттардың ресми куәландырылған көшірмелері оларға қол қойылған немесе ресми куәландырылған көшірмелері депозитарийден алынған күннен бастап екі апталық мерзімде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жолданады.

27-бап. Депозитарийдің функциясын жүзеге асыру

1. Көп жақты халықаралық шарттардың депозитарийі функциясын, егер осы халықаралық шарттардың талаптарына сәйкес мұндай функциялар Қазақстан Республикасына жүктелген болса Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жүзеге асырады.

2. Өз аттарынан жасалған көп жақты халықаралық шарттардың депозитарийі функциясын, егер осы халықаралық шарттардың талаптарына сәйкес мұндай функциялар Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдарына жүктелген болса Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдары жүзеге асырады.

3. Көп жақты халықаралық шарттардың депозитарийі функциясын орындайтын

шетел мемлекеттерінің органдарымен, халықаралық ұйымдармен немесе олардың басты атқарушы лауазымды тұлғаларымен хат-хабар алмасуды Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жүзеге асырады.

V Тарау

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын өзгерту, қолданысын тоқтату және тоқтата тұру

28-бап. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын өзгерту

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына өзгерістер енгізу халықаралық шарттардың өздерінде көрсетілген талаптарға, халықаралық құқықтың нормаларына және осы Заңның ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар осы Заңның 3 және 6-баптарында көзделген тәртіппен және нысанда е н г і з і л е д і .

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына өзгерістер енгізу туралы шешімді осы Заңның 9-бабында көзделген тәртіппен халықаралық шарттарға қол қою туралы шешім қабылдаған лауазымды адамдар немесе Қазақстан Республикасының Ү к і м е т і қ а б ы л д а й д ы .

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарындағы өзгерістер сол халықаралық шарттардың өзінің күшіне ену талаптарына сәйкес және сол тәртіппен к ү ш і н е е н е д і .

Халықаралық шарттардың өзгерістерін ратификациялау, қабылдау немесе бекіту туралы шешімдер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының өзінде көрсетілген талаптарға сәйкес және осы Заңның 15 және 16-баптарында көзделген тәртіппен қабылданады.

29-бап. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының қолданысын тоқтату

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының қолданысын тоқтату халықаралық шарттардың ережелеріне сәйкес немесе барлық қатысушылардың келісімімен кез келген уақытта жүзеге асырылады.

30-бап. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының қолданысын тоқтата тұру немесе күшін жою туралы ұсыныстар

1. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының қолданысын тоқтата тұру немесе олардың күшін жою халықаралық шарттардың өздерінде көрсетілген талаптарға халықаралық құқықтың нормаларына және осы Заңның ережелеріне сәйкес ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

2. Қазақстан Республикасының Президентіне бағынышты және есеп беретін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің келісімі бойынша өздерінің құзыретіндегі мәселелерге қатысты:

1) Қазақстан Республикасы атынан жасалған халықаралық шарттардың қолданысын тоқтата тұру немесе олардың күшін жою туралы - Қазақстан Республикасының Президентіне ;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан жасалған халықаралық шарттардың қолданысын тоқтата тұру немесе олардың күшін жою туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар жасайды.

3. Қазақстан Республикасының орталық атқару органдары өздерінің құзыретіндегі мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің келісімімен Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасының немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан жасалған халықаралық шарттардың қолданысын тоқтата тұру немесе күшін жою туралы ұсыныс жасайды.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көрсетілген Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын тоқтата тұру немесе олардың күшін жою туралы ұсыныстарды қ а р а й д ы ж ә н е :

1) Қазақстан Республикасының атынан жасалған халықаралық шарттардың қолданысын тоқтата тұру немесе олардың күшін жою туралы ұсынысты Қазақстан Республикасының Президентіне енгізеді;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасының атынан жасалған, бекітілген халықаралық шарттардың күшін жою туралы Қазақстан Республикасының Парламентіне ұсыныстар енгізеді;

3) Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан жасалған, бекітілген халықаралық шарттардың күшін жою туралы ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізеді.

31-бап. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының қолданысын тоқтата тұру немесе олардың күшін жою туралы шешімдерді қабылдау

1. Қазақстан Республикасының бекітілген халықаралық шарттарының күшін жою туралы заңды Қазақстан Республикасы Конституциясының 62-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдайды.

2. Қазақстан Республикасының бекітілген (қабылданған) халықаралық шарттарының қолданысын тоқтата тұру немесе олардың күшін жою туралы ш е ш і м д е р д і :

1) Қазақстан Республикасының атынан жасалған халықаралық шарттарға қатысты - Қазақстан Республикасының Президенті;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан жасалған халықаралық шарттарға

қатысты - Қазақстан Республикасының Үкіметі;

3) Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдары атынан жасалған халықаралық шарттарға қатысты - Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдарының бірінші басшылары немесе оларды алмастыратын адамдар қабылдайды.

VI Тарау

Қорытынды ережелер

32-бап. Қазақстан Республикасы халықаралық шарттың өзі үшін міндеттілігіне келісімін білдіретін немесе халықаралық шартты тоқтата тұру немесе қолданысын тоқтату ниетін білдіретін халықаралық актілерді жасау

1. Егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында ратификациялық грамоталармен алмасу немесе ратификациялық грамоталарды депозитарийге сақтауға тапсыру көзделген болса, Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын бекіту туралы заңдар негізінде оның мөрімен бекітілетін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрінің қолымен және мөрімен бекітілетін ратификациялық грамоталарға қол қояды.

2. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына ратификациялық грамоталарымен, оларды ратификациялау, бекіту немесе қабылдау туралы құжаттармен алмасуды немесе осындай грамоталарды, ратификациялау, қосылу, қабылдау немесе бекіту туралы құжаттарды депозитарийге сақтауға тапсыруды, халықаралық шарттардың күшін жою, қолданысын тоқтата тұру немесе тоқтату туралы құжаттарды жолдауды Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі немесе оның тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері немесе халықаралық ұйымдар жанындағы Қазақстан Республикасының өкілдіктері жүргізеді.

33-бап. Осы Заңның күшіне ену тәртібі

1. Осы Заң жарияланған күннен бастап екі ай өткен соң күшіне енеді.

2. "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу, орындау және олардың күшін жою тәртібі туралы" 1995 жылғы 12 желтоқсандағы заң күші бар N 2679 Жарлығының күші жойылды деп танылсын (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Ведомстволары, 1995 ж., N 23, 144-құжат.).

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК